

**А. Садықов, З-курс
Фылыми жетекшісі: Т. Р. Сейдієалиев, мемлекеттік-құқықтық пәндер ка-
федрасының аға оқытушысы
(КР IIM Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫ
МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЗАНДАР ТҮРФЫСЫНДА ҚОРГАУ**

Қазіргі таңдағы мемлекеттердің дамуында адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық шарттарды біркелкі талқылау және қолдану мәселелері ерекше маңызға ие болуда. Мемлекеттердің міндеттемелігі осыған сай келісімдермен бірқатар жағдайларда, көлемі бойынша ерекше болып келеді. Мемлекеттер кейде өз міндеттемелерін қарастыруға ынта білдірген жағдайында олардың басты мазмұны мен мағынасы маңызын жояды.

Сонымен, осындай мемлекеттердің пайымдауы бойынша адам құқығы аясындағы стандарттардың тәмендеуіне жол аштын сол немесе өзге де халықаралық құжаттарға сілтеме қолданылады.

Сонымен қатар, ұлттық, рухани және мәдени дәстүрлеріне байланысты мемлекеттердің кейбір топтары адам құқықтары бойынша жалпы танылған стандарттарға өте түрлі сипаттамалар беруге ынталы болып келеді. Бұл жағдаяттар тиісті нормалардың тиімділігіне шындал келгенде потенциалды қауіп болып табылады.

ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяқ шенінде жүзеге асырылған халықаралық гуманитарлық мәселелер бойынша Тәуелсіз комиссияның айтқан пікіріне жүгінген орынды. «...инвидек қатысты ұлттық мемлекеттің билігі едәуір өсті. Сондай-ақ инвидиттің акпараттануы және оны қоршаған материалдық ортага оның әрекет ету кабілеті артты. Шынында, қазіргі үрдістердің бірқатары биліктің мемлекеттің колына шоғырлануына мүмкіндік туғызады. Бұл азаматтық құқықтардың бұзылуына және тіпті саяси оппоненттерге, этникалық және діни азшылықтар мен тұрғылықты елдерге қарсы жаза қолдануға да әкеліп соқтырады. Мұның нәтижесі ауыстырылып орнықкан, ауыр халге түскен және үсіз қалғандардың санының көбеюі болып табылады»1.

XIX-ғасырдың ортасынан бастап кейбір мемлекеттердің адам құқықтарын қорғау мәселелерін халықаралық деңгейде қарастыра бастаулары айтарлыктай.

Сонымен, Франция 1850 жылы Ливандагы жаппай қыруды тоқтату үшін өз аскерін Оттоман империясына жіберді. Осыған ұқсас жайттар, христиан елін озбырлықтан қорғау үшін еуропалық державалар Оттоман империясының ішкі ісіне араласқан уақытында 1875 жылы Боснияда және 1878 жылы Кипрде де болып жатты. 1878 жылы. Берлин шарты Адам құқықтарын жаппай бұзу жағдайындағы гуманитарлық интервенцияға (басқа бір мемлекеттің ішкі саясатына қол сұғышылық) құқықты болу халықаралық құқықтың бастыстық тұжырымдамасының бір бөлігі болып табылды. БҰҰ тәжірибесіне орай, 1948 жылы. Адам құқықтарының жалпы декларациясы және оның кейінгі жалпылық танытуы қабылданғаннан кейін, мемлекеттерге жазалау саясатын жүргізуі қорғану ретінде ішкі істерге араласпау принципін қолдану үсті-үстіне қындей түсті. Халықаралық құқықтың тұрғыда оны халықаралық ынтымактастыққа кірген, гуманитарлық мәселелер бойынша халықаралық келісімдерді таныған кез-келген мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарын камтамасыз етулері және реттеулері олардың нақты ішкі істері екендіктеріне мүмкіншіліктерін жоғалтады. Оны қазіргі әлемдегі болып жатқан саяси жайттарға байланысты көру кынға сокпайды.

Осыған байланысты, адам құқықтары мен бостандықтары принципінің пайда болуы мен дамуы мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципінің сөзсіз әрекет етуіне басымдылық беретін тұжырымдамасына тікелей шақыруымен түсіндіріледі. Мемлекеттердің ішкі ісіне араласу Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімі бойынша құқықты және тегі неғұрлым тиімді болады. Сонымен бірге, қазіргі ресейлік галымдарымен гуманитарлық аясында және де қылмыстық сот өндірісінде қолданылатын халықаралық құқықтың арнайы принциптері тұжырымдалған және зерделенген2. Бұл жағдайда құқықтық реттеу, мемлекет аралық

ынтымақтастың дамуының маңсатын шешуден басқа, сонымен қатар гуманитарлық аясында да мемлекеттердің қарамағында болатын жеке тұлғаларға құқықтар мен бостандықтарды тікелей ұсынатындығын қарастыратындығы туралы сөз қозғалыш отыр. Сонымен әр бір азаматтың халықаралық құқықтың субъектісі болып табылуы қажеттігі үйарылады.

Демек, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету бойынша халықаралық келісімдер — халықаралық-құқықтық құбылыс екендігіне маңызды қорытынды жасау қажет. Бірақ та осыған орай олардың ерекше сипаты туралы баяндайтында бірнеше белгілерге ие. Бұл ең алдымен мемлекеттердің мынадай келісімдері бойынша міндеттемелерінің мәнісі: мемлекет өздері ғана емес, ал индивидтер мен индивидтердің топтары негізгі субъект болып орындаиды.

Қазақстандық халықаралық-құқықтық ойлардың қозғалысы соңғы жылдары Қазақстанның саясатындағы басты принциптердің бірі болып табылатын халықаралық құқықтың басымдығын бекітуге ұмтылудағы жаңа ойдың бекілуімен байланысты осы бағытта жұмыстар атқарылып жатыр.

Мысалы, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2005 жылғы 21-маусымдағы № 598 және 2005 жылғы 25-маусымдағы № 625 қаулысымен «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіні бекіту туралы» — ескертпесіз және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні бекіту туралы» бір ескертпемен, ҚР Бас прокуратурасымен ұсынылған заңдардың жобасы Парламентке ұсынылды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ұсынысы бойынша халықаралық шарттың нормасы толықтырылады: «Халықаралық пактінің 9-бабының 3-тармағының ережесін тани отыра, Қазақстан Республикасы ұлттық заңға сәйкес кез-келген тұлғанын ұсталғандығы туралы тез арада прокурор хабардар етіледі деп түсіндіреді». Сотпен немесе прокурормен қамауға алынған әрбір тұлғаның ұсталуы немесе қамауға алынуы бойынша сотқа шағымдана алады. Әйтседе, 9-баптың 3-тармағы келесі нормадан тұрады: «Қылмыстық айыптау бойынша қамауға алынған немесе ұсталған әр бір тұлға заң бойынша сот билігін жүзеге асыруға құқық берілген сотқа немесе басқа лауазымды тұлғаға тез арада жеткізіледі және де ақылға қонымды уақыт ішінде босауға немесе сотқа дейін істі қарауға құқығы бар. Сот талқылануын күтүші тұлғаларды қамауда ұсташа жалпы ереже болып қалмауы керек, бірақ босату сотқа келуіне кепілдік беретініне, оның басқа кез-келген сатысында сот талқылануына қажет болған жағдайда және үкімнің орындалуы үшін келуіне байланысты болады».

Халықаралық пактілердің бекітілуін жүзеге асыру барысы бойынша адам құқығы аясындағы барлық ұлттық заңдарды негізгі халықаралық құжаттармен сәйкестендіру басталғандығы туралы ерекше жұмысты айта кетуге болады³.

Корыта айтқанда, адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты халықаралық құқықтары және ұлттық заңдардағы, тіпті қылмыстық сот өндірісіндегі ең бастысы, бұл тап осындағы мемлекет аралық дауларды реттеу ғана емес, ал құқықтар мен бостандықтардың өздерін бекіту болып саналады.

¹ Сохранит ли человечество человечность? Халықаралық ізгілік мәселелері бойынша Тәуелсіз комиссияның баяндамасы. — М., 1988. 33-б.

² Федорчуков Я. Ф. Специальные принципы международной защиты прав человека: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2003. 148-б.

³ Абайдельдинов Е. М. Теоретико-правовые аспекты приоритетности в соотношении международного и национального права Республики Казахстан. Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 2005. 114-115-бб.; Ахпанов А. Н., Насыров Г. Х. Арест в качестве меры пресечения: проблемы судебного контроля и санкционирования. — Алматы, 2005. 183-б.